


# AES корпорациясының құндылықтары

Сөздерден іске





---

## Мазмұны

---

|                             |    |
|-----------------------------|----|
| Сөздерден іске              | 2  |
| Қауіпсіздік бірінші кезекте | 5  |
| Адал әрекет ету             | 6  |
| Міндеттемелерді орындау     | 9  |
| Кемелділікке талпыну        | 10 |
| Шын ниетпен жұмыс істеу     | 11 |

# Құрметті AES қызметкерлері,

AES Корпорациясында жұмыс істеу-барлығымызды біріктіреді және бірегей қылады. Сапалы және қолжетімді экологиялық энергияны өндірудегі әрқайсысымыздың қосқан үлесіміз Корпорацияны дүниежүзілік энергетикада көшбасшы ретінде көрсетеді. Мұнда басты рөлде күнделікті жұмысымыздың қағидаларын анықтайтын Құндылықтардың маңызы зор. Біз осы құндылықтарымызды кез келген жұмыста басшылыққа аламыз; AES Корпорациясының басқа қызметкерлерімен, серіктестерімізбен және жабдықтаушыларымызбен, тұтынушыларымызбен әрекет етуде біз осы құндылықтарымызды басшылыққа аламыз.

## **Біздің құндылықтарымыз:**

- Қауіпсіздікті бірінші орынға қою;
- Адал әрекет ету;
- Өз міндеттемелерін орындау;
- Кемелділікке талпыну;
- Жұмыстан ләззат алу.

Біз қауіпсіздікті бірінші орынға қою керектігін, адал әрекет етудің қажеттілігін, өз міндеттемелерімізді құрметтеу және орындау керектігін, барлық салада кемелділікке талпыну және қызметімізден ләззат алу керектігін сезінеміз. Жалпы құндылықтарды ұстана келе біз әлеуметтік жауапкершіліктің Корпоративтік бағдарламаларына өз үлесіміз бен қаражаттарымызды бөле отырып, өзіміз қызмет етіп отырған, бізді жоғары нәтижелі өндірістік көрсеткіштеріміз бен қауіпсіздік талаптарын сақтаудың арқасында өз саламыздың көшбасшысы деп танып отырған қоғамымыздың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық әлауқатын арттырамыз. AES қызметкерлері Корпорация жұмысының қажетті негізі болып табылады.

Сондықтан біз жаңа технологиялар мен инновациялық бизнес-шешімдерді қолдана отырып өзіміздің қызметкерлеріміздің біліктілігін арттыру мен дамулары үшін барлық қажеттілікпен қамтамасыз етуге тырысамыз.

Біздің мінез-құлық Кодексіміз (AES Корпорациясының құндылықтары: сөзден іске) Құндылықтарымызды әрекет еткізу мақсатымен әзірленген. Мұнда Компания атынан бизнес шешімдер қабылдайтын AES қызметкерлерінің барлығы күнделікті өмірде устануы тиіс, бизнес-тәжірибелер мен қағидалар жазылған. Мінез-құлық Кодексі – біздің қызметіміздегі барлық аспектілерде ең жоғарғы этикалық стандарттарға сәйкес болуға көмектесетін маңызды ресурс.

Мінез-құлық Кодексінің талаптарын сақтауда әрқайсысымыз жеке-дара жауаптымыз. AES қызметкерлері өзін-өзі қалай ұстауы керектігін түсіну үшін нұсқаулықты мұқият оқып шығуларыңызды өтінемін. Барлығымыз бірігіп, соның арқасында бұрын жетістіктерге жеткізген және болашақта бұдан да көп ұлы істерге қол жеткізе алатын этикалық қағидаларды сақтай аламыз.

**Құрметпен, Андрес Глуски**

*AES Корпорациясының Президенті және Бас операциялық директор*

# Сөздерден іске

Корпоративті құндылықтар AES корпорациясының іскерлік тәжірибесінің бөлігі болған және әлі де болып табылады. Біздің құндылықтар іскерлік шешімдер қабылдауда, қызметін жүзеге асыруда және бүкіл әлем бойынша біздің бөлімшелерде тәртіп нормаларын анықтауда біртұтас негізді қамтамасыз етеді.

Біздің құндылықтарымыз тек сөз жүзінде ғана болып қалмас үшін және оны жүзеге асыру үшін біз әрдайым жүйелі түрде күнделікті жұмыс барысында осы Құндылықтарды басшылыққа алып отыруымыз қажет.

Құндылықтарымыздың мән-мағынасын ашатын осы басшылық бір-біріміздің, іскер серіктестеріміз бен жабдықтаушыларымыздың, тұтынушыларымыз бен құрылтайшыларымыздың алдындағы және де біздің қызметімізге қатысты бесқа да қауымдастықтардың алдындағы міндеттемелерімізді айқындайды. Мұнда әлемнің кез келген түкпірінде бізбен жұмыс барысында қолданылатын іскерлік тәртіп қағидалары белгіленіп, күрделі іскерлік шешімдерді қабылдау барысында қолдануға болатын кейбір түсініктер берілген. Бұл басшылық – дайын шешімдер жинағы емес: ешбір ережелер жинағы барлық проблемаларды шешіп, кез келген жағдайда дайын кеңес бере алмайды. AES корпорациясының көптеген бөлімшелерінде осы басшылықта берілген сұрақтар бойынша жекелеген ережелер мен процедуралар өңделіп, қабылданған. Барлығымыз өзіміз істейтін кәсіпорынның немесе AES бөлімшесінің қызметін реттейтін ережелер мен процедуралармен міндетті түрде танысуымыз қажет.

AES – түрлі экономикалық және саяси жағдайларда жұмыс істейтін және әлеуметтік, мәдени әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің кең аясында қызмет ететін әлемдік компания. Бұл басшылықтың мақсаты – бүкіл дүниежүзі бойынша AES корпорациясының қызметкерлеріне біздің Құндылықтарымыз аты мен рухына сай күрделі іскерлік шешімдер қабылдауға көмек көрсету.

Біз AES корпорациясы қызметкерлерінің қандай да әрекет жасамастары бұрын алдымен сол бойынша сұрақтар қоюларын сұраймыз және де қызметкерлеріміз белгіленген Құндылықтарға және осы басшылықтың ережелеріне сәйкес әрекет етеді деп сенеміз – коммерциялық нәтиже еш жағдайда біздің Құндылықтарымыздан маңызды болмауы тиіс.

Қысқаша айтқанда, біздің Құндылықтарымыз AES корпорациясын бейнелейді және де бүкіл әлем бойынша оның жұмыс істеу стилін айқындайды.

## **AES корпорациясы қызметкерлерінің жауапкершілігі**

Әрқайсымыз жұмыс барысында және түрлі шешімдер қабылдағанда AES Құндылықтарын сақтауға жауаптымыз. Біздің акционерлеріміз және AES корпорациясы бойынша әріптестеріміз біздің сөзімізді емес,

ісімізді бағалайды. Біз әріптестеріміздің сұрақтар қойғанын және қандай да бұзушылықтар кездессе, ол туралы хабарлауларын қалаймыз. Әрдайым кеңес сұрап, өздерін мазалайтын ойларын білдіретін немесе жұмыста орын алған бұзушылықтар туралы хабарлайтын AES қызметкерлері дұрыс істейді.

## **Басшылардың қосымша жауапкершілігі**

Басшылар өз қызметкерлеріне үлгі-өнеге болуы керек, біздің Құндылықтарымызды қолдайтындықтарын көрсетіп, шыншылдық пен адалдықтың жоғары стандарттарына сәйкес әрекет етулері тиіс. Олар барлық сұрақтарға дайындықпен жауап беріп, тәртіп бұзушылықтары туралы түскен хабарламаларды қабылдаулары қажет. AES корпорациясының кез келген деңгейіндегі басшылардың міндеті – қызметкерлерді Құндылықтарымызды әрдайым талқылап отыруға ынталандырып, іскерлік шешімдер қабылдағанда Құндылықтарды ажырамас бөлік ретінде басшылыққа алуларын қамтамасыз ету.

## **Көмекті қайдан алуға болады**

Біздің Құндылықтарымызға немесе осы басшылыққа байланысты AES корпорациясы қызметкерлерінің сұрақтары болса, заңсыз немесе жұмысқа сай емес іскерлік тәртіпке байланысты мазаландыратын ойлар туса, бухгалтерлік операцияларды, ішкі бақылауды немесе тексеруді жүргізу барысында күмән тудыратын жағдайлар болса ол жөнінде тікелей басшыңызға немесе AES корпорациясының басқа да басшыларына, Этика және нормалар мен ережелерді сақтау бөлімінің өкілдеріне, AES корпорациясының заң кеңесшілеріне немесе кез келген құзырлы қызметкерлерге жолығуға болады.

Сонымен қатар, күнделікті тәулік бойы жұмыс істейтін AES корпорациясының сенім телефонына қоңырау шалып, қажетті мәліметтерді ала аласыз немесе өзіңізді мазалайтын ойлармен бөлісе аласыз.

[www.aeshelpline.com](http://www.aeshelpline.com)

**Телефон нөмірлерін сіздің AES кәсіпорныңыздағы плакаттардан қараңыз**

AES сенім телефонына жасырын түрде хабарласуыңызға болады – біз AES сенім телефонына хабарласқан барлық адамдар жөніндегі ақпараттың жасырын сақталуы үшін барлық жағдайларды жасаймыз.

**Сұрақ қойғаныңызда немесе қандай да ақпаратты мәлімдеуге хабарласқаныңызда не болады**

AES корпорациясының өкілетті қызметтері мен қызметкерлері барлық сауалдарға кеңес береді және заңсыз тәртіп туралы түскен барлық мәліметтерді тексереді. AES қызметкерлері тек шынайы ақпаратты хабарлап, тексеру жұмыстарына осындай әрдайым дайындықпен көмек көрсетулері керек.

Тәртіптік және түзетушілік әрекет ету шаралары әр тәртіп бұзушылықтың нақты жағдайына байланысты болады. Заңға, Құндылықтарымызға, осы басшылықтың заңдарына немесе басқа да корпоративті нормаларға қарама-қайшы келетін әрекеттер жергілікті заңнамаға және еңбек келісімінің шарттарына сәйкес жұмыстан шығаруға дейінгі тәртіптік шаралар қолдануға негіз болып табылады. Заңсыз тәртіп туралы хабарламау, жалған ақпарат беру немесе тексеру жұмыстарына қатысудан бас тарту әрекеттері де тәртіптік шара қолдануға негіз болады.

**Жазалау шаралары мен қорлайтын мінез-құлық болмауы тиіс**

Құндылықтарымызды сәтті жүзеге асыру үшін ашық пікір алмасу қажет. Біз AES қызметкерлері еркін сұрақ қойып, өздерін мазалайтын ойлар туралы және де бизнесті жүргізу бойынша қосымша пікірлерді еркін білдіре алатындай жұмыс жағдайын орнатуға тырысамыз. Біз мәселелер көтеріп, өздерін мазалайтын ойлармен бөлісіп немесе жұмыс тәртібіне сәйкес келмейтін әрекеттер туралы хабарлап отыратын AES қызметкерлеріне қатысты жазалау шараларының әсер етуін болдырмаймыз. Сондай-ақ жұмыс барысында қорлайтын мінез-құлықтар мен қорқытуларға қатаң тыйым салынған.





# Ең бастысы - Қауіпсіздік

Біз үшін Қауіпсіздік әрқашанда бірінші орында: біздің қызметкерлеріміздің, мердігерлеріміздің, сондай-ақ, қалайда болмасын біздің қызметімізбен байланысы бар қауымдастықтардың қауіпсіздігі.

Біздің күнделікті атқаратын қызметімізде және біз қабылдайтын шешімдердің негізінде бүкіл дүниежүзіндегі біздің кәсіпорындардың қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету жатыр. Әр күн сайын біз әлемдегі ең қуатты күш - электр энергиясын игілігімізге бағындырып отырмыз. Қауіпсіздік біз үшін әрқашанда бірінші орында: жұмысымызда қолданатын әдістердің қауіпсіздігі - біздің жетістіктерімізді бағалаудың аса маңызды өлшемі болып саналады.

## Қауіпсіздік техникасының талаптары

Біздің бірінші кезектегі басымдығымыз – жұмыс орнындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сонымен қатар, біз жұмыс істеп жүрген қоғамдастықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Біз, денсаулықты сақтау мен жұмыс орнындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қолданылып жүрген барлық заңдар мен нормативтік актілерді қатаң сақтап, қызметімізді жүзеге асырып келеміз және де қауіпсіздік техникасына қатысы бар кез көлген мәселелер, келеңсіз жағдайлар және тәртіп бұзушылықтар жөнінде дереу хабарлап отырамыз.

## Жұмыстың қауіпсіз әдістері

Біз, жинаған тәжірибелерімізбен алмасып, және де жұмысты ұйымдастырудың озық әдістерін үйрене отырып, қауіпсіздік техникасы бойынша өз көрсеткіштерімізді үнемі жақсартып түсудеміз. Болуы ықтимал қайғылы жағдайларды анықтап, оларды мүмкіндігінше азайту мақсатында біз қауіпсіздік техникасының сақталуын қамтамасыз ету жөнінде ауқымды бастамаларды ұйымдастырамыз. Қауіпсіздік техникасын сақтаудың тәжірибелік шаралары біз үшін әрқашанда бірінші кезектегі мағынаға ие.

## СІЗДЕРДІҢ AES БӨЛІМШЕСІНДЕ ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН НҰСҚАУЛАРМЕН ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТЫМЕН ТАНЫС БОЛЫҢЫЗДАР

## Жұмыс орнындағы қауіпсіздік

Қызметкерлерді міндеттерін атқарудан алаңдататын қандай да бір қысым көрсетулер немесе өзге де кедергі келтіретін себепшарттар болмайтын орын ғана қауіпсіз жұмыс орны болып саналады. Қызметкерлердің алкогольдің немесе есірткі заттарының әсерімен (дәрігердің нұсқамасымен не болмаса өзге жағдаймен қабылданғанына қарамастан) жұмыс орнында болуларына құқықтары жоқ, өйткені осылайша олар өздерінің де, айналасындағылардың да қауіпсіздігіне қатер төндіреді.

# Адал әрекет ету

Біз адал әрекет етеміз, сенімдіміз және сенім артуға тұрарлықпыз. Біз қандай іс-әрекеттер атқарсақ та, оның негізінде адал әрекет ету қағидасы жатады, яғни, ол өзімізді ұстай білгенімізде, өз арамызда және акционерлерімізбен өзара қатынаса білгенімізде байқалып тұрады.

Адал әрекет ете отырып, біз өзіміздің іскер әріптестеріміздің, тұтынушыларымыздың, акционерлеріміз бен жергілікті қауымдастық өкілдерінің сенімін актай аламыз. Біздің беделімізді сақтау әрқайсымыздан барлық шешімдеріміз бен қадамдарымыздағы адалдықтың жоғары стандарттарын сақталып отыруын талап етеді.

## Заңнаманың сақталуы

Біз жұмысымызды реттеуші барлық заңдарды, нормативтік актілерді және компанияның ұстанған саясатындағы талаптарды қатаң сақтаймыз. Кейбір жағдайларда біздің Құндылықтарымыз заң талаптарымен және нормативтік актілермен қарастырылған стандарттардан да жоғарырақ стандарттарды көздейді. Қызметіміз жүргізілетін елге немесе штатқа, қызметкерлердің бір немесе екінші мемлекеттің азаматтығында болуына және AES құрамындағы нақты бір немесе екінші кәсіпорында жұмыс істеулеріне байланысты, түрлі заңдар мен нормативтік актілердің қолданылуы әбден мүмкін. Сондай-ақ, AES Америка Құрама Штаттарында құрылған ашық түрдегі компания болғандықтан, АҚШ-тан оқшау орналасқан AES-тің кәсіпорындарында кейбір АҚШ заңдары қолданылады. Қызметкерлеріміз біздің қызмет қандай заңнамалық актілермен реттелетіні жөнінде хабардар болулары тиіс, ал күдіктенген жағдайда олар AES-тегі заң кеңесшілерімен хабарласулары қажет.

## Ақпараттың жариялануы

AES инвесторларға және мемлекеттік органдарға қаржылық мәселелер мен қызметін жүргізуіне қатысты мәселелер бойынша нақты да толық ақпараттар беріп тұрады. АҚШ-тың құнды қағаздар және биржалар жөніндегі Комиссиясына не болмаса басқа да мемлекеттік органдарға берілетін барлық өспептер мен құжаттарда, сонымен қатар, жариялы сипаттағы барлық ақпараттық хабарламаларда толық, шынайы, нақты, уақтылы да түсінікті мағлұматтар беріледі.

## СІЗДЕРДІҢ AES БӨЛІМШЕСІНДЕ ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУ САЯСАТЫМЕН ТАНЫС БОЛЫҢЫЗДАР

Акционерлерге, талдаушыларға және де AES құнды қағаздарын саудалаумен айналысатын өзге де тұлғаларға мәлімденетін ақпараттың шынайылығы мен сапалылығын қамтамасыз ету үшін ресми сұрауларға AES атынан жауап беруге тек AES өкілетті тұлғалары ғана құқылы.

## Инсайдерлік мәмілелер

Кейде, қатардағы инвесторларға мәлімденгенге дейін, біздің қолымызға AES туралы не болмаса AES компаниясының іскер әріптестері болып табылатын өзге де компаниялар жайлы құпия ақпараттар түсетін кездер болады. Егер құнды қағаздарды сатып алу немесе сату осы ақпараттың негізінде жүзеге асырылатын болса, мұндай жабық немесе «ішкі» ақпарат инвестордың шешіміне әсер етіп, оған әділетсіз басымдықты беруі әбден мүмкін. Біз AES және басқа да компаниялар туралы жабық ақпаратты өз пайдамызға қолданбаймыз, біз ондай ақпараттарға сүйеніп, бағалы қағаздарды саудалаумен айналыспаймыз, сондай-ақ мұндай ақпараттарды бөгде тұлғаларға ұсынбаймыз.

Болуы ықтимал инсайдерлік мәмілелердің алдын алу үшін AES құнды қағаздарымен жасалатын мәмілелерде AES компаниясы қызметкерлері қатыса алмайтын AES «құрсау кезеңі» аталатын шектеу салады.

## СІЗДЕР САУДА ЖАСАЙТЫН AES ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРЫНА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИНСАЙДЕРЛІК МӘМІЛЕЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТПЕН ТАНЫСЫҢЫЗДАР

## ҚҰРСАУ КЕЗЕҢДЕРІ ЖАЙЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУЛАРҒА НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттер

Заңсыз төлемнен бас тарту салдарынан AES өз жұмысына тиімді мүмкіндіктерден айрылатын болса да, AES үшін пара алушылық, сыбайластық пен өзге де заңсыз төлемдер жасау әлемнің бірде-бір елінде қолданылмайтын жат қылық болып табылады.

AES сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық халықаралық заңдар мен нормаларды, соның ішінде шет елдердегі сыбайлас жемқорлық туралы АҚШ Заңын да қатаң сақтайды. Біз мемлекеттік қызметкерлерге, олардың шешімдеріне әсер етіп, коммерциялық қызметті бастау немесе сақтап қалу, не болмаса, өзімізге заңсыз тұрғыда артықшылықтарды иемдену үшін тікелей немесе делдал арқылы еш уақытта ақшалай қаражат немесе езге де сый-сияпаттарды ұсынбаймыз.

## ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ АҚШ ЗАҢЫМЕН ТАНЫС БОЛЫҢЫЗДАР



AES қылмыстық істерге қатысы бар тұлғаларға көмек ұсынып, қолдау көрсетпейді, сондай-ақ қылмыстық қызметінен тапқан табысты немесе қасақана жасырған ақшаны заңдастыру жөніндегі жеке тұлғалардың да, заңды тұлғалардың да теріс пиғылдарын қолдамайды.

### **Халықаралық сауда қызметі**

AES қызметі АҚШ нормативтік актілерімен реттелетіндігі байланысты, AES компаниясының барлық кәсіпорындары мен құрылымдары АҚШ Үкіметімен мақұлданған экономикалық ықпалшаралар мен қойылған сауда эмбаргосын сақтауға тиісті. Басқа елдер мен аймақтық ұйымдар да белгілі бір елдермен, жеке тұлғалармен немесе заңды тұлғалармен байланыста болуға, не болмаса экспорттауға шектеу қоя алады. Тауарларды, ақпараттарды, ақпараттық қамсыздандыруларды және озық технологияларды импорттағанда және экспорттағанда, біз барлық тиісті заңдарды, нормативтік актілер мен шектеулерді сақтаймыз. Оған қоса, біз қарсыластық шараларына іс-әрекет ету туралы қолданыстағы барлық заңдардың талаптарын сақтап, AES компаниясына келіп түскен қандай да қарсыластық шараларына қатысу туралы ұсыныстар жөнінде дереу хабарлаймыз.

### **ЭКСПОРТТЫҚ БАҚЫЛАУ, САУДА ҰҚПАЛШАРАЛАРЫ МЕН ҚАРСЫЛАСТЫҚ ШАРАЛАРЫНА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ ЕТУ САЯСАТЫМЕН ТАНЫСЫҢЫЗДАР**

#### **Адал бәсекелестік**

Біз өзіміздің өнімнің және көрсететін қызметіміздің артықшылықтарына сүйене отырып, әрі монополияға қарсы заңнаманың, сондай-ақ дербес те ашық бәсекелестікті қорғауға арналған басқа да заңдардың мән-мағынасына сәйкес, заңды түрде адал бәсекелестікте қатысып келеміз. AES өзінің бәсекелестерімен өндіріс көлеміне, бағаға, не болмаса тауар-материалдық қорларға, конкурстық тапсырыстарға, ұсынушылар мен тұтынушыларға, нарықты бөлісуге қатысты ешқандай да ресми немесе ресми емес келісімдер жасаспайды.

#### **Мүдделер қақтығысы**

Біз өзіміздің жеке мүдделеріміз бен AES мүдделері арасында қақтығыстар туындауы мүмкін жағдайларды болдырмауға тырысамыз. Маңызды іскерлік шешімдер қабылдағанда, біз жеке мүдделерімізді ойламай, акционерлерімізге және AES компаниясына қатысты адал ниетімізді, әділдігімізді басшылыққа алып, ақылмен қызмет етуіміз тиіс.

### **СІЗДЕРДІҢ AES БӨЛІМШЕСІНДЕ ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫНА ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫМЕН ТАНЫС БОЛЫҢЫЗДАР**

### **Сыйлықтар және өкілдік шығындар**

Көптеген елдерде сыйлық тарту және өкілдік шығындар іскерлік қарым-қатынастың көпшілікпен мақұлданған рәсімдер болып саналады. Әр елдің дәстүрлері әрқилы болғандығына қарамастан, біз AES атынан қабылдайтын шешімдерімізге әсер ету деп қате түсінік тудыратын немесе қандай да жағдайларға бізді міндеттейтін пайда көздерін, артықшылықтарды не қызмет керсетулерді, шақырулар мен сыйлықтарды алмаймыз, ұсынбаймыз және талап етпейміз. Оған қоса, мемлекеттік қызметкерлермен жұмыс жасайтын AES қызметкерлері атқаратын қызметтерінің қандай заңдармен реттелетінін білулері тиіс.

### **СІЗДЕРДІҢ AES БӨЛІМШЕСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН СЫЙЛЫҚТАР МЕН ӨКІЛДІК ШЫҒЫНДАРҒА ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫМЕН ТАНЫС БОЛЫҢЫЗДАР**

#### **Қосымша атқарылатын жұмыс және компаниядан тыс өзге де қызметтер**

Белгілі бір жағдайларда қосымша атқарылатын жұмыстар мен компаниядан тыс өзге де қызметтер біздің қызметтік міндеттерді орындауға немесе AES бизнестерінің мүдделеріне кедергі болуы мүмкін. Осындай жағдайларға жол бермеу үшін, қосымша атқарылатын жұмыстар мен компаниядан тыс өзге де қызметтерді атқарғанда біз AES атауын, ақпаратын, жұмыс уақытын және мүлкі мен басқа да қорларын пайдаланбаймыз. Біз, сонымен қатар, AES компаниясына тыс кәсіпорынның басшысы немесе қызметкері ретінде тағайындалуға келіспес бұрын, саяси немесе өзге де үкіметтік қызметке отырмас бұрын, не болмаса қайырымдылық, азаматтық, діни, ағартушылық, қоғамдық, саяси немесе әлеуметтік ұйымдардың жұмыстарына қатыспас бұрын AES бизнестерінің мүдделеріне қатысты болуы мүмкін қарама-қайшылықтарды ескеруіміз тиіс.

#### **Саяси қызмет**

AES қызметкерлері мемлекеттің саяси әрі қызметтік өмірінде жеке тұлғалар ретінде қатыса алады. Олардың осындай үрдістерге AES атынан емес, тек жеке тұлға ретінде ғана қатысатындығына күмән тудырмас үшін, саяси партияларға, топтарға, үміткерлерге немесе компанияларға қолдау жасау үшін AES атауын, ақпаратын, жұмыс уақытын және мүлкі мен басқа да қорларын пайдалануға тыйым салынады.

### **СІЗДЕРДІҢ AES БӨЛІМШЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ МҮДДЕЛЕРДІ ҚОРҒАУ, САЯСИ ҚАЖЕТТІЛІКТЕР МЕН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАРНАЛАРҒА ҚАЙЫРМАЛДЫҚ САЯСАТЫМЕН ТАНЫС БОЛЫҢЫЗДАР**





Егер AES құрамындағы қандай да бір құрылым заң шығарушы, реттеушілік немесе мемлекеттік саясаттың басқа да мәселелеріне қатысты қабылданатын шешімдерге әсер ететін саяси немесе үгіт-насихат жұмысына қатысса, ол құрылым мемлекеттік қызметкерлермен қарым-қатынасты регламенттейтін барлық заңдар мен нормаға сәйкес әрекет етуі тиіс. AES атынан осындай қызмет түрлерін жүзеге асыруға араласатын үшінші тараптармен жасалатын кез келген өзара әрекеттер AES саясаты мен AES заңына сәйкес жүзеге асырылуы қажет.

### **Компания активін қорғау**

Біз AES активіне, соның ішінде, құрал-жабдықтарға, ақшалай қаражаттарға, мүліктерге, тауар-материалдық құндылықтарға және басқа да бағалы заттарға ұқыптылықпен қараймыз. AES активін жобалар үшін немесе қызметтік міндетіне қатысты емес мақсатта, не жұмыс уақытынан тыс кезде қолдану үшін, оларды пайдаланбас бұрын оған рұқсат алынуы керек.

### **Парасаттылық жеке меншігі**

Іскерлік ой-пікірлер AES ерекше бағалы активіне жатады. Парасаттылық жеке меншік, соның ішінде, сауда белгісі, патенттер, авторлық құқықтар, коммерциялық құпия, логотиптер, бизнес-процестер, зерттеулер, сондай-ақ тұтынушылар мен жабдықтаушылардың тізімі AES-тің бәсекелестік артықшылығын қамтамасыз етеді, сондықтан біз оны жоғалудан, ұрланудан және басқа да теріс пайдаланудан сақтаймыз.

### **Құпиялы ақпаратты қорғау**

Жұмыс барысында біз AES, сонымен қатар, AES іскерлік серіктестері, жабдықтаушылары мен тұтынушылары жөніндегі құпиялы мәліметтерді білеміз. Біз мұндай жабық ақпаратты AES аясынан тыс ешкімге бермейміз және өзіміздің жеке баю мақсатымызда оны пайдаланбаймыз.

Құпиялы және қызметтік ақпаратты қорғау бойынша міндеттемелер қызметкерлер AES компаниясынан кеткеннен кейін де өз күшінде қала береді. AES компаниясынан кеткен барлық қызметкерлер ондай жабық ақпараты бар материалдардың түгелін қайтарып беруге міндетті.

### **Корпорациядағы іс жүргізу**

Бизнесті жүргізу бойынша оңтайлы шешімдерді қабылдау үшін AES нақты және дұрыс ақпаратты қажет етеді. Біз растайтын және тексеретін құжаттары бар іскерлік операцияларды тіркеудің толық және нақты жүйесін құрамыз. Оған қаржылық және бухгалтерлік деректер, транзакциялар туралы ақпарат, сонымен қатар, іссапарлық және өкілдік шығындар мен AES атынан жасалатын өзге де шығындар жатады.

Біз қызметтік, жабық және құпиялы ақпаратты тиісті түрде сақтаймыз және таңбалаймыз, сонымен қатар, құжаттаманы, соның ішінде электронды жазбаларды, AES ережелері мен AES заң кеңесшілерінің құжаттарды сақтауға қатысты кез келген өзге де нұсқауларына сәйкес жүргіземіз.

### **СІЗДЕРДІң AES БӨЛІМШЕСІНДЕ ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН ҚҰЖАТТАРДЫ САҚТАУ САЯСАТЫМЕН ТАНЫС БОЛЫҢЫЗДАР**

#### **Интернет пен электрондық пошта**

Интернет пен электрондық поштаны пайдалану іскерлік ақпаратпен толық және тиімді алмасуды қамтамасыз етуде атқаратын маңызы зор. Біз AES интернет пен электрондық пошта жүйесін алдымызға қойған іскерлік міндеттерді жүзеге асыру үшін пайдаланамыз. AES серверлері мен компьютерлерінде сақталатын барлық ақпараттар, соның ішінде, жіберілген және қабылданған хабарламалар, егер жергілікті заңнамамен өзге жағдай қарастырылмаса, AES жеке меншігі болып табылады және жеке меншік ретінде қарастырылмайды.

### **АППАРАТТЫ ҚҰРАЛДАРДЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МЕН AES АҚПАРАТЫН ҚОЛДАНАТЫН БАРЛЫҚ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА ТАРАЛАТЫН АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЖЕКЕ ПАЙДАЛАНУҒА ҚАТЫСТЫ САЯСАТПЕН ТАНЫСЫҢЫЗДАР**

# Міндеттемелерді орындау

Біз тұтынушылардың, әріптестеріміздің, жергілікті жұртшылықтың, құрылтайшылардың, жабдықтаушылар мен серіктестеріміздің алдындағы өз міндеттемелерімізді орындаймыз, және де біз қызметіміздің қоғамға пайда әкелгенін қалаймыз.



Міндеттемелерді орындау - бұл біз орындай алмайтын уәделерді бермейтініміз дегенді білдіреді. Біздің жетістіктеріміз үшін маңызды болып табылатын қатынастар толығымен сенімге негізделген. Акционерлеріміз бізге сенуге болатындығын біледі, өйткені біздің сөзіміз бен ісіміз бір жерден шығады.

## Іскерлік қатынастағы адалдық

Біз тұтынушыларымыздың, бәсекелестеріміздің, жабдықтаушыларымыздың сенімін жоғалтпау үшін барлық күшімізді саламыз, сондықтан біз істі адал жүргізіп, этика нормаларын сақтаймыз. Біз астыртын әрекет, жасырушылық, қызметтік ақпаратты заңсыз пайдалану, маңызды фактілерді бұрмалау тәрізді басқа да әділетсіз істерді жүргізу түрлеріне қатыспаймыз. Біз заңсыз ынталандыру артықшылықты алу ниетімен немесе коммерциялық қызметті сақтау не болмаса біздің пайдамызға қандай болмасын әрекеттерді істеуге күштеп көндіру мақсатында ешкімге де материалдық игіліктерді ұсынбаймыз.

## Біздің құрылтайшыларымыз

Біз акционерлеріміздің капитал жұмсауларының сақталуы, қаржылық өсу мен қаржылық табысты қамтамасыз ету үшін барлық күшімізді саламыз. Жұмысты жүргізуге қатысты шешім қабылдағанда, құрылтайшыларымыз үшін құнды мүмкіндігінше арттыру үшін, біз қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттарды белгілейміз.

## Біздің тұтынушыларымыз

Біздің тұтынушыларымыз - табысымыздың негізі. Біз тұтынушыларымыздың қажеттіліктерін алдын ала біліп, уақытында анықтауға және оларға ең жақсы баға бойынша жоғары сапалы тауарды ұсынамыз және қызмет көрсетеміз.

## Біздің жабдықтаушылар, агенттер және іскерлік серіктестеріміз

Біз адалдық және іскерлік тәртіптің ең жоғары стандарттарын басшылыққа алатын жабдықтаушылармен, серіктестермен, кеңесшілермен, агенттермен, жұмыс істейміз. Осы тараптармен орнатылған қарым-қатынастардың барлығы AES саясаты мен заңнамаға сәйкес жүргізілуі қажет. Біз сатып алу мен материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қатысты шешім қабылдағанда, AES үшін барлық тұрғыдан пайдалы болатын бағаны, сапаны, тауардың тұтынымдық сипаттамасын қоса және олардың арналуына сәйкестігін ескеруіміз қажет.

## КЕЛІСІМ-ШАРТТАРДЫҢ НОРМАЛАР МЕН ЕРЕЖЕЛЕРГЕ СӘЙКЕСТІГІН ТЕКСЕРУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚПЕН ТАНЫСЫҢЫЗДАР

## Жергілікті бірлестіктер

Біз өзіміз қызмет ететін барлық бірлестіктерде жұмыс істеу тәжірибесінде шаруақой тәсілін ұстанамыз. Біз қызметімізге байланысты қоршаған ортаға тигізілетін кері әсерді төмендету тәжірибесін қамтамасыз етуге әрекеттесеміз, сонымен қатар, қоршаған орта мен қоғамға пайда әкелетін жаңа еңгізулерді қолдаймыз.

# Кемелділікке талпыну

Біз барлық атқарған істерімізде үздік болуға және әлемдік стандарттар деңгейіне жұмыс істеуге талпынамыз.

Кемелділік - бұл мақсат, және сонымен қатар, осы мақсатқа жету құралы. Кемелділікке талпыну үнемі өзіміз бойынша жұмыс істеуді және жұмыс әдістерімізді үздіксіз жетілдіруді білдіреді.

## Ауқымды көру

Біз бүкіл дүниежүзі бойынша жұмыс істейміз және ауқымды ойлаймыз. Алдымызда тұрған міндеттерді шешкенде, біз акционерлеріміздің алдындағы міндеттерімізді орындай отырып, AES корпорациясының мүдделерін тұтасымен қорғауға тырысамыз.

## Үздіксіз оқу

AES компаниясында оқу үрдісі тоқтатылмайды. Біз өз қызметкерлерімізге шеберліктің ең жоғары биіктеріне жетуге көмектесіп, үздіксіз оқу мүмкіншіліктерін ұсынамыз. Біз AES қызметкерлерін олардың жұмысының нәтижелері және AES қызметіне қосқан үлестері бойынша бағалаймыз және көтермелейміз.

## Үнемі кемелділікке талпыну

Біз барлық істерімізде үнемі кемелділікке талпынамыз. Біз қызметкерлерден AES қызметінің нәтижелерін жақсарту жөніндегі ұсыныстарды адал түрде ұсынғандарын қолдаймыз, және де бүкіл компанияның аясында пайда болған стратегиялармен және жинақталған тәжірибемен алмасуды ұйымдастыруға бағытталған белсенді әрекеттерді іске асырамыз.



# Шын ниетпен жұмыс істеу

Біз шын ниетпен жұмыс істейміз, өйткені, жұмысымыз бізге қуаныш әкеліп, ләззат береді және бізді еліктіреді.



Біз өз жұмысымызды жақсы көреміз және әлемді жақсы жаққа қарай өзгертуге ұмтылатын команданың бөлігі болу ләззатын жоғары бағалаймыз. Шын ниетпен, ләззат алып жұмыс істеу - бұл біздің күннен күнге атқаратын жұмысымыздың пайда әкелетініне сенімді болу дегенді білдіреді. Біз, бір біріне құрметпен қарауды ынталандыратын, командада жұмыс істеуді қолдайтын, кәсіби тәжірибесі, білімі және көзқарастары әртүрлі адамдарды бағалайтын компаниядағы жұмысымыздың қуаныш әкелетініне сенімдіміз.

## Өзара құрметтесу

Біз кәсіптік тәртіп нормаларының ең жоғары стандарттарына сай жұмыс істейміз және бір бірімізге құрметпен қараймыз. AES жоғары және орта буындарының жетекшілеріне жұмыс орындарында шыншылдық, адалдық, құрметтеу және сенімділік ахуалының қалыптасуына ерекше жауапкершілік жүктеледі.

## Дүниежүзілік команда


Әртүрлі аймақтардың, халықтардың, мәдениеттер мен кәсіптердің өкілдерінен тұратын командаларды құру қабілеттіміз, AES корпорациясын әлемдік нарығында бірегей артықшылыққа иелендіреді. Біз кәсіпорындарымызда әлемнің түрлі елдер өкілдерінің жұмыс істейтінін мақтан тұтамыз және қай жерде жұмыс істемесек те, біз кемсітуге тыйым салатын заңдарды қатаң ұстанамыз.

## Біздің жауапкершілігіміз

Біздің қуанышпен және шын ниетпен жұмыс істеуге талпынысымыз AES компаниясын бірегей компанияға айналдырады. Біз акционерлеріміздің игілігіне атқарылатын бірлескен жұмысымыз бізге қуаныш, ләззат пен қанағат әкеледі деп мойындаймыз. Біз өзіміздің жетістіктерімізді мақтан тұтатын мүмкіншілігіміз бар компанияда жұмыс істегенімізді өте жоғары бағалаймыз, ал ондай жетістіктер болмаса, онда біз жұмыс әдістерін тиісті түрде өзгертеміз.

# Сөздерден істерге

Біздің құндылықтарымыз - қызметімізді жүргізгенде оңтайлы шешімдерді қабылдауға жол ашатын кілтіміз.



Осы басшылық біздің жұмысымыздың барлық жақтарын қамти алмайды және біздің қызметке байланысты барлық сұрақтарға жауап бере алмайды. AES қызметкерлері AES құндылықтарын іске асыру жөніндегі шешімдерді дербес қабылдаулары тиіс.

Төменде келтірілген сұрақтар сіздің алдыңызда күрделі міндеттер тұрғанда, біздің Құндылықтардың аты мен рухына сәйкес шешімдерді қабылдауларыңызға көмектеседі.

1. Мен бастайтын әрекеттер заңды ма?
2. Менің әрекеттерім туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлануын қалаймын ба?
3. Өз әрекеттерімді жақындарыма және достарыма түсіндіре аламын ба?
4. Қабылдаған әрекеттеріме бірнеше күн өткеннен кейін өзім қалай қараймын?
5. Өзімнің әрекеттеріме сенімдімін бе, және ар-ұятым маған не айтады?

Біз AES жетістіктері мен оның абырой-беделі үшін барлығымыз жауаптымыз. «Бәрі де осылай істейді», немесе «Ешкім білмей қалады», немесе «Мақсатқа жету үшін барлық құралдар жақсы» деп, өзімізден жауапкершілікті шеше алмаймыз. Егер әрекет жасау алдында, біз өзімізге дұрыс сұрақтар қойсақ, дұрыс әрекеттер жасай аламыз.

Сондай-ақ, біз AES корпорациясындағы өзіміздің жетістіктерімізді мақтан тұтуды және де, одан да маңыздырақ болатын, осыған қалай қол жеткізгенімізді мақтан тұтуды қалаймыз.

## Осы басшылық туралы

Осы басшылық AES корпорациясының Тәртіп кодексі болып табылады. Басшылық AES корпорациясының Директорлар кеңесімен бекітілген және 30/07/2007 бастап күшіне енеді.

Осы басшылық еңбек келісім-шарты болып табылмайды. Осы басшылық қызметкерді де, жұмыс берушіні де өз қалауы бойынша еңбек қарым-қатынастарды көз көлген уақытта тоқтату құқығынан айырмайды, кез келген қолданылатын ұжымдық келісім-шарттың ережелерін өзгертпейді, сондай-ақ AES қызметкерлеріне ешқандай құқықтарды ұсынбайды. AES өзіне осы басшылыққа көз келген уақытта алдын ала хабарландырусыз түзетулер енгізу құқығын қалдырады.

Осы басшылықтың ережелері нақты жағдайлардың негізінде қолданылады; директорлық құрам, атқарушы құзыреті бар лауазымдық тұлғалар, немесе қаржы басшылары осы басшылықта баяндалған қаңдай болса да нормалардан немесе талаптардан тек Аудиторлық (тексерушілік) комитеттің мақұлдауымен ғана ұсынылатын Директорлар кеңесінің шешімімен ауытқып кете алады.



# The AES Code of Conduct



AES Corporation  
[www.aes.com](http://www.aes.com)  
[www.aes-group.kz](http://www.aes-group.kz)